

РҰҚСАТ ПА?



1. Тыңдаңыз, жазыңыз.

алу

толтыру

кіру

қол қою

шығу

талап ету

сұрау

жауап беру

сұрану

жүзеге асыру

жасау

мәліметтер алу

Етістік + у + /-ға, -ге бола ма? рұқсат па?

Шығу + ға бола ма? Кіру + ге рұқсат па?

Бару + ға бола ма? Келу + ге рұқсат па?



2. Оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе! Кіруге рұқсат па?
- Рұқсат. Отырыңыз. Қандай сұрақпен келдіңіз?
- Мұрагерлік іс ашайын деп едім?
- Мұра берушінің қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама, туыстық жақындығын растайтын куәлігіңізді беріңіз.
- Міне, алыңыз.
- Мұрагерлік мүліктің құжаттарын беріңіз.

10-САБАҚ

Кешіріңіз, кіруге
бола ма?

Кіріңіз. Аты-жөніңіз кім?

Ә

Аты-жөнім – Ибраева Айгүл.

Қандай сұрақпен келдіңіз?

Менің басқа мемлекеттің
азаматтығынан бас тартқым келеді.

Қай мемлекеттің азаматтығынан бас
тартқыңыз келеді?

Түркияның азаматтығынан.





3. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.

-ға

-ге

толтыру _____

жасау _____

қол қою _____

сұрану _____

талап ету _____

алу _____

жауап беру _____

мәліметтер алу _____

сұрау _____

тексеру _____

бола ма?
рұқсат па?



4. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Шығуға бола ма?

Мәліметтерді алуға рұқсат па?

Сәлеметсіз бе! Кіруге рұқсат па?

Рұқсат. Отырыңыз. Қандай сұрақпен келдіңіз?

Мұрагерлік іс ашайын деп едім?

Басқа мемлекеттің азаматтығынан
бас тартқым келеді.

Жеке куәлігіңізді беріңіз.



– Кіруге бола ма?

– Кіруге болады.

– Кіруге рұқсат па?

– Кіруге рұқсат.

– Өтініш қабылдауға бола ма?

– Тексеруге рұқсат па?

– Шығуға бола ма?

– Мәліметтер алуға рұқсат па?

– Қол қоюға бола ма?

– Толтыруға рұқсат па?

– Талап етуге бола ма?

– Алуға рұқсат па?



6. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Қол _____ рұқсат па?

Ақпаратты _____ рұқсат па?

Сенімхатты _____ бола ма?

Өтініш _____ бола ма?

Ертең _____ бола ма?

Мәліметтерді _____ рұқсат па?

Сізден _____ бола ма?

Келісімін _____ бола ма?



7. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

-ға, -ге

1. Жауап беру _____ бола ма?

2. Куәлігіңізді алу _____ бола ма?

3. Сұрағымды қою _____ рұқсат па?

4. Ертең келу _____ бола ма?

5. Өтінішті толтыру _____ бола ма?

6. Жазылу _____ бола ма?

